

Бекітемін:

ЖІНС «Ажар Ана-2017» бөбекжай

балалар бақшасының меңгерушісі:

А.Тұрсынбаева



Тренинг

Менің танымдық әлемім



Педагог-психолог: Саметова Сания

Менің танымдық әлемім

Максаты: мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісін дамыту. Қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыру. Іс – әрекет барысында өз ойын жүйелі, дұрыс жеткізе білуге баулы. Ойын арқылы ойлау тәсілдері, заттарды салыстыра білу қабілеттерін арттыру.

Қолданылған құрал – жабдықтар: ақпараттық коммуникативтік технология құралдары интерактивті такта, сурет қиындылары, ойынға қажетті алма, банан, лимон.

Барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі сабаққа психологиялық дайындық Балалар шаттық шеңберіне жиналып (қолдарында шырағы бар), жылы шыраймен сәлемдесіп, мына өлең жолдарын бәрі бірге айтады.

Қуан, шаттан алақай,

Қуанатын күн бүгін. Күліп шықты күн бүгін,

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!



Барысы Ұйымдастыру

Психолог: Балалар олай болса мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Ақ қар еріп, су көбейіп,

Сай – салаға толады.

Ағаш басы бүршік шашып,

Гүл, бәйшешек толады,

Бөбектерім айтындаршы Бұл қай кезде болады? - Қазір жылдың қай мезгілі болып тұр? Күз, Күзде ауа рай қандай болады? Күн суытып, жапырақтар сарғаяды, құстар жылы жаққа ұшып кетеді т.б. Ендеше балалар тақтаға назар аударып, тақтада берілген күздің ерекшелігін сипаттайтын құбылыстарды кимыл арқылы көрсетейік.

Балалар менің алдымда 3 түрлі бейне бар. Әрқайсысын осы заттардың бейнелерін калауларын бойынша таңдап алыңдар. - Балалар біздің таңдап алған бейнелеріміз қандай мультфильмде кездеседі? Кімнің киіміне, затына ұқсайды? (Аю, Маша, Бал) Балалар таңдап алынған бейнелер бойынша топтарға бөлінеді. Осы кезде хат келді деген дыбыс шығып, психолог балалардың назарын тақтаға аударады.

- Балалар бізге интернет арқылы хат келген секілді. Сендер хаттың кімнен келгенін, онда не туралы жазылғанын білгілерің келе ме?

- Иә. - Ендеше тақтаға назар аударайық!



- Құрметті: «Бәйтерек» тобы, Мектепке дейінгі ұйымының бүлдіршіндері! Мен сендердің сүйікті «Маша мен Аю» мультфильмдеріндегі Аюмын. Сендерге Маша екеуіміздің басымыздан өткен оқиғаларымызды бейнетаспа арқылы жолдап отырмын. Мен сендерді тәртіпті, әдепті және өте зерек балалар деп естіп Машаны жіберіп отырмын. Сол себепті сендерден Машаға үлгі болып, қателіктерін түзеп, тапсырмаларды дұрыс орындауға көмектесулеріңізді сұраймын. Сендерге үлкен үміт артып, көмектесер деген ойдамын.

- Сәлеммен: достарын Аю.

Балалар, Аю бізге Машаны жіберіпті. Міне Машаның өзі де келді. Кел, Маша қош келдің. Балалар Машамен амандасып алайық.



Ендеше балалар Машамен бірге Аюдың бейне материалына назар аударайық. Осы жерде интерактивті тақтадан «Маша мен Аю» мультфильмінің үзінді көрсетіледі. Бейне таспа көрінісін талдау.

Психолог: Балалар Аю Машаны кешіру үшін оған тапсырма берген екен.

- Балалар, аюдың тапсырмасына назар аударайық? 1 тапсырма. Жаттығу. «Есте сақта» - Мақсаты: көріп есте сақтау (қысқа мерзімдік) қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту.

- Аю: Балалар Маша осы күні өте қатты ұмытшақ болып кетіпті. Машаға көрген заттарын есінде сақтауға көмектесіңдерші.

1. Интерактивті тактадан бірнеше суреттер көрсетіледі. Балалар суреттерді атайды. Кейін суреттер жасырылып, балалар естеріне сақтаған суреттерін қайта жаңғыртады.

2. Бірнеше пішіндер орналасады. Пішіндерді атап, сәйкес және пішіндердің орналасу тәртібі бойынша атау. Кім көбірек есте сақтағаны анықталады. 2 тапсырма



Ойын «Бұл не?»

Мақсаты: сезім мүшелері арқылы заттарды ажырату, заттарды негізгі қасиетіне қарай жіктей білуін дамыту.

Ортаға 2 бала шығады, көздері орамалмен байланады. Бір балаға банан, екінші балаға лимон беріледі. Балалар сезім мүшелері арқылы әуелі заттың пішінін, иісін, дәмін, қатты жұмсақтығын ажыратады. Сосын заттың атын айтады. Осылайша барлық бала кезекпен қобдиша ішінен көзі байлауды күйінде затты таңдап, сипаттайды.



3 тапсырма: «Менің достарым»

Мақсаты: шығармашылық қиялдарын шыңдау Көрнекі әрекеттік ойлауын арттыру. Ұжымдық еңбекке баулу. Осы жерде интерактивті тактадан Аюдың балаларға тапсырмасы орындалады.

Балалар тентек Маша менің достарымның суреттерін де жыртып тастапты. Сендер оны Машаға құрастыруға көмектесесіңдер ме? - Иә.

Психолог: Ендеше тактаға назар аударайық. Тактадан Аюдың достарының тұтас суреттері көрсетіледі. Балалар қиындыларды үстел үстінде құрастырады. (Аю, Арыстан, Жираф, Қасқыр, Маша).



– 4 тапсырма. - Балалар сендер шаршаған боларсыңдар барлығымыз демалып, психологиялық жағғығу жасап алайық.

Психологиялық жағғығу: «Ғажайып орманға саяхат» Балалар, мен 1, 2, 3 дегенде Машамен бірге ертегі әлеміндегі ғажайып орманға саяхатқа барамыз. Барлығы шеңбер бойымен жүреді. (Барлығы қимыл қозғалыс арқылы көрсетіледі.) Күн қандай керемет. Шайдай ашық. Жолда ойдым – ойдым жерлермен, көпірден өтеміз, Абайлаймыз, мұқият, шалшық суардан секіреміз, аяғымызға жабыскан балшықтарымызды сілкейміз. кедергілерден өтеміз., Балалар қандай керемет гүлдер... гүлдер тереміз. Енді барлығы 1, 2, 3 дегенде терең тыныс алып, балабақшаға оралады. Олай болса балалар аюдың келесі тапсырмасын тыңдайық.

5 тапсырма. Суреттер берілген. Сол суреттердің түстерін тауып, бояуымыз қажет. Заттардың түсі қандай болуы керек? - Балалар тапсырманы тандап, түстерді ажыратып, өз түсімен бояйды. 1 – топ суретті акварель красками, 2 – топ жіптерді жапсыру арқылы, 3 – топ бояумен безендіреді. Жұмысты аяқтаған соң әр бала өзінің нені, қандай түспен бояғанын айтады және суретте неше зат бар екендігін санайды.

Қорытынды: Енді балалар біз сабағымызды қорытындылай келе, ортаға шығып мына жердегі смайликтердің өздеріне ұнағанын тандап алыңдар. Сол смайликтерді ұстап тұрып бүгінгі тренинг сабағы ұналы ма, Машамен бірге

қандай тапсырмалар орындағанымызды, нені үйренгенімізді айтайықшы? Балалар жауап береді және Маша нені үйренгенін айтып балалармен қоштасады. Сау болыңыз айтып Машаны шығарып салу. Балалардың назарын тақтаға аулару.

Маша Аюға: - Мен балалардан көп нәрсені үйрендім. Жіберген қателіктерімді енді қайталамаймын. Балалар секілді мен де зерек болдым.
Аю: - Ендеше мен барып балаларға алғысымды білдірейін Маша – деп Аю балаларға келіп алғыс хаттар мен өзінің сыйлығын тарту

Хаттама

Психологиялық тренинг

Тақырыбы: «Менің танымдық әлемім»

Мақсаты: .

Көрнекіліктер: магнит тақта, ноутбук, ұнтаспа, жеміс-жидектер.

Өткен уақыты: 15.09.21ж

Қатысқандар: 23

2021 жылы қыркүйек айында «Бәйтерек» тобына «Менің танымдық әлемім» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында балалар шаттық шеңберіне жиналып, жылы шыраймен бір-бірлерімен амандасты. Күз мезгілінің ерекшеліктерін сипаттап берді. «Есте сақта» жаттығуы арқылы өздерінің есте сақтау қабілеттерін арттырады, зейінін шыңдайды. «Бұл не?» жаттығуын ойнаттым. Бұл жаттығу арқылы балалар өздерінің сезім мүшелерін дамытады. Сосын балдардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында ғажайып орманға саяхат жасаттым. Көңіл-күйлері көтеріліп қалды.

Шешім: тренинг мақсатқа қол жеткізді. Балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті, сезім мүшелері шыңдалды. Балалардың көңіл-күйлері көтерілді.